

“№82 жалпы білім беретін орта мектебі” КММ

**“Тәлімгерлік – сапалы білім мен кәсіби дамудың негізі” атты
тәлімгерлер апталығының аясында жас мамандар арасында өткен
«Оқу мақсаттарына сәйкес ТЖБ тапсырмаларын әзірлеу әдістемесі»
атты тренингтің есебі**

Ұйымдастырушылар: математика пәні мұғалімі – Аубекерова Ф.С
физика пәні мұғалімі – Алимбаева А.А.

Өткізілген күні: 19.12.2025жыл

2025-2026 жыл

Тақырыбы:

«Оқу мақсаттарына сәйкес ТЖБ тапсырмаларын әзірлеу әдістемесі»

Мақсаты: Жас мамандарды оқу мақсаттарына сай тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) тапсырмаларын құрастыру әдістемесімен таныстыру және практикалық дағдыларын қалыптастыру.

Тренингтің барысы:

«Оқу мақсаттарына сәйкес ТЖБ тапсырмаларын әзірлеу әдістемесі»

Жауапты: Алимбаева А.А Аубекерова Ф.С.

Өту барысы:

Қатысушылар тренингтің бағдарламасымен таныстырылып, тренингтің мақсаты мен күтілетін нәтижелері атап өтілді. Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында психологиялық тренинг жүргізілді.

Теориялық бөлімде Оқу мақсаттарына сәйкес ТЖБ тапсырмаларын әзірлеу әдістемесі» тақырыбы бойынша Алимбаева А.А баяндама жасады. Бұл бөлімде ТЖБ арналған тапсырма әзірлеу қадамдары.

1-қадам.

Оқу бағдарламасын талдау: Пән бойынша тоқсанға арналған оқу мақсаттарын анықтау. Барлық оқу мақсаттарын түгел қамту міндетті емес. Ең маңызды, негізгі оқу мақсаттары таңдалады.

2-қадам.

Бағалау критерийлерін анықтау: Әр оқу мақсатына сәйкес бағалау критерийлері құрастырылады. Бағалау критерийі – оқушы нені орындай алуы тиіс деген сұраққа жауап береді.

3-қадам.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Bloom таксономиясы бойынша: Білу, Түсіну, Қолдану, Жоғары деңгей (талдау, жинақтау, бағалау. ТЖБ-де тапсырмалар әртүрлі деңгейде болуы тиіс.

4-қадам.

Тапсырма түрлерін таңдау: Жабық тапсырмалар (көп таңдаулы, сәйкестендіру). Ашық тапсырмалар (қысқа/толық жауап). Практикалық, шығармашылық тапсырмалар.

5-қадам.

Балл санын анықтау: Әр тапсырманың күрделілігіне сай балл қойылады

- Жеңіл тапсырма – аз балл
- Күрделі тапсырма – көп балл
- Жалпы балл саны: 20–40 балл

Қорытынды: Сапалы ТЖБ: Дұрыс таңдалған оқу мақсаты. Нақты бағалау критерийі. Әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар. Айқын дескриптор.



Теориялық бөлімде «Оқу мақсаттарына сәйкес ТЖБ тапсырмаларын әзірлеу әдістемесі» тақырыбы бойынша Аубекерова Ф.С баяндама жасады. Бұл бөлімде Bloom таксономиясы (ТЖБ үшін):

- 1-деңгей. Білу. Нені тексереді?– Еске сақтау, тану, атау дағдылары. Оқушы не істей алады? Анықтаманы айтады. Формуланы жазады. Физикалық шаманы атайды. Етістіктер: атайды, жазады, көрсетеді, анықтайды

- 2-деңгей. Түсіну. Нені тексереді? – Ақпаратты өз сөзімен түсіндіру. Оқушы не істей алады? Құбылысты түсіндіреді. Себеп-салдарын айтады. Мысал келтіреді. Етістіктер: түсіндіреді, сипаттайды, мысал келтіреді.
- 3-деңгей. Қолдану. Нені тексереді? Білімді нақты жағдайда қолдану. Оқушы не істей алады? Есеп шығарады. Формуланы қолданады. Кесте, графикпен жұмыс істейді. Етістіктер: есептейді, қолданады, табады.
- 4-деңгей. Жоғары деңгей. Талдау – Жинақтау – Бағалау. Бұл деңгейде оқушы: Терең ойлайды. Логикалық байланыс орнатады.

Тәжірибелік бөлімде жас мамандар тжб құрастырып, талқылады.





- Пән бойынша тоқсанға арналған оқу мақсаттарын анықтау
 - Барлық оқу мақсаттарын түгел қамту міндетті емес
 - Ең маңызды, негізгі оқу мақсаттары таңдалады
- 1-қадам.**
Оқу бағдарламасын талдау